

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Негізгі қызмет бойынша

2023 ж «18» сәуір №67

**2022-2023 оқу жылын аяқтау
және орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына және Ақмола облысы білім басқармасының 2023 жылғы 13 сәуірдегі №172 бұйрығына, «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-ң 2023 жылғы 14 сәуірдегі №88 бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-дегі оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.

2.9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары

2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.

3.11(12)сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары - 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.

4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2023 жылғы 2 маусым;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)

-

2023 жылғы 6 маусым;

3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2023 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) - 2023 жылғы 13 маусым;

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 5 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 8 маусым;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2023 жылғы 12 маусым;

4) орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, информатика) - 2023 жылғы 19 маусым.

5. 2022-2023 оқу жылын аяқтауды және білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізуді ұйымдастыру директордың оқу ісі меңгерушілеріне тапсырылсын.

Мектеп директоры



А. Анесий